

**Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебінің қамқоршылық кеңесінің
жұмысының есеп беруі туралы өткізілген жиналысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Жарлысу ауылы

25.09.2020 жыл

Барлығы: 9

Қатысқаны: 9

Күн тәртібінде:

1. Мектеп директорының «Қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдындағы» 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы есебі

Тыңдалды: Д.К.Буламбаев мектеп директоры

2020-2021 оқу жылында Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебі дәстүрлі оқыту жүйесінде жұмысын жалғастыруда. Мектепте ата-ана қамқорлығынсыз қалған, тұл жетім оқушылар жоқ. Жайсыз отбасы балалары жоқ. Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен, аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары 43 оқушы Өрнек ауылдық округі әкімімен келісіліп тізімдері жасалынып бекітілді.

Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, жетім және жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына «Мектепке жол» акциясы барысында көмектер көрсетілді. Атап айтар болсақ ауыл азаматтары кәсіпкер «Аслан» Шаруа қожалығының басшысы Шопабаев Дәурен бала температурасын өлшегіш құрал (тепловизер) 39000 теңгеге, «Ақ ниет» дүкенінің иесі Сәмбетқұлов Азамат 1000 дана бетперде (маска) 80 000 теңгеге, Ауыл азаматы Әмірекұлов Бекнұр 1000 дана бетперде (маска) 80 000 теңгеге алып берді. Сондай-ақ аудандық білім бөлімі тарапынан әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен, аз қамтылған, көп балалы 20 отбасының 43 баласына ақшалай көмек әр балаға 25 000 теңгеден көмек көрсетілді.

Сөйледі: Н.Ш. Салимбаев - «Қамқоршылық» кеңес төрағасы.

«Қамқоршылық» кеңес отырысының күн тәртібінде қойылған мәселе толық қаралды. «Қамқоршылық» кеңес шешімімен таныстырылды.

Шешімі:

1. «Қамқоршылық» кеңес алдындағы мектеп директорының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Н.Ш.Салимбаев

Е.Б.Байманасов

Т.Торғауытов

М.А.Юсупов


А.О.Шопабаев

А.Рысбекова

Н.Накенова

А.Кенешова

Б.А. Бектурова



кеңес төрағасы.

кеңес мүшесі

кеңес мүшесі

кеңес мүшесі

кеңес мүшесі

кеңес мүшесі

кеңес мүшесі

кеңес мүшесі

кеңес мүшесі

